

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесін, нысандарын, ұсыну мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 222 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 6 желтоқсанда № 19710 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 24 қарашадағы № 80 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.11.2025 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

"Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы" ҚР Президентінің 15.03.2020 № 285 Жарлығымен енгізілген төтенше жағдай қолданылу кезеңінде есептіліктің жекелеген түрлерін ұсыну мерзімдері ұзартылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.03.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы екінші бөлігінің 65-2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.05.2023 № 35 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесі;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есептің нысаны;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есептің нысаны;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есептің нысаны;

5) осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есептің нысаны;

6) осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есептің нысаны;

7) осы қаулыға 7-қосымшаға сәйкес тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есептің нысаны;

8) осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес кредиттік серіктестік жеке және заңды тұлғаларға берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есептің нысаны;

9) осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес ломбардтардың микрокредиттері, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттері туралы есептің нысаны;

10) осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліністегі өзгерістер туралы есептің нысаны;

11) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13) осы қаулыға 13-қосымшаға сәйкес микроқаржы ұйымының микрокредиттері, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттері туралы есептің нысаны;

14) осы қаулыға 14-қосымшаға сәйкес Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілікті ұсыну қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.05.2023 № 35 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

2. Микроқаржы ұйымдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 2), 3), 4), 6), 7) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) ұсынады.

Микроқаржы ұйымдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 5), 10) және 13) тармақшаларында көзделген есептілікті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) ұсынады.

Кредиттік серіктестіктер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (кредиттік серіктестіктің орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 6), 7), 8) және 10) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) ұсынады.

Ломбардтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (ломбардтың орналасқан жері бойынша) осы қаулының 1-тармағының 6), 7) және 9) тармақшаларында көзделген есептілікті тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырма бесіне дейін (қоса алғанда) ұсынады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Мыналардың:

1) "Микроқаржы ұйымдары есептілігінің тізбесін, нысандарын, мерзімдерін және оларды табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қарашадағы № 272 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14741 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 159 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 19 қыркүйекте № 17391 болып тіркелген, 2018 жылғы 2 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының есептілікті ұсыну мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Қаржы нарығының статистикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Сыртқы коммуникациялар департаменті - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Е. Әбілқасымоваға жүктелсін.

7. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Е. Досаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

2019 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
1-қосымша

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілік тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның есептілігінде:

1) жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есеп;

2) берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есеп;

3) қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есеп;

4) электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есеп;

5) заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есеп;

6) тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есеп;

7) кредиттік серіктестік жеке және заңды тұлғаларға берген, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттер туралы есеп;

8) ломбардтардың микрокредиттері, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттері туралы есеп;

9) берілген қарыздар (микрокредиттер) бойынша, оның ішінде өңірлік және салалық бөліністегі өзгерістер туралы есеп;

10) микроқаржы ұйымының микрокредиттері, оның ішінде мерзімі өткен берешегі бар микрокредиттері туралы есеп.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
2-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
M_MFO_1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін (қоса алғанда), тоқсан сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

(мың теңгемен)

Көрсеткіш коды	Сыныптауға сәйкес жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтер тобы	Провизиялардың мөлшері, пайызбен	Негізгі борыш	Есептелген сыйақы

1	2	3	4	5
100	Стандартты	0		
200	Күмәнді, барлығы	х		
300	1-санатты күмәнді	0,01-5		
400	2-санатты күмәнді	5,01-10		
500	3-санатты күмәнді	10,01-20		
600	4-санатты күмәнді	20,01-25		
700	5-санатты күмәнді	25,01-50		
800	Үмітсіз	50,01-100		
900	Жиыны:	х		

кестенің жалғасы:

Дисконт (сыйлықақы)	Уақытылы өтемегені үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл)	Нақты құрылған провизиялардың сомасы, барлығы	Міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету құны
6	7	8	9

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Жеке және заңды тұлғаларға
берілген микрокредиттер
бойынша активтерді сыныптау
туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

"Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есеп" (индексі – М_МФО_1, нысанның кезеңділігі – тоқсан сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Микроқаржы ұйымы Нысанды тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Микроқаржы ұйымының басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған есептілік электрондық форматта сақталады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтерді сыныптау "Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 62 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16858 болып тіркелген) бекітілген Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтердің тобына сыныптауға сәйкес жатқызу активтің жалпы баланстық құнына байланысты айқындалады.

7. 4-бағанда есепті күнгі жағдай бойынша негізгі борыш бойынша берешектің қалдығы көрсетіледі.

8. 5-бағанда есепті күнгі жағдай бойынша есептелген, бірақ өтелмеген (алынбаған) сыйақының қалдық сомасы ескеріледі.

9. 6-бағанда дисконт (минуспен) немесе сыйлықақы сомасы көрсетіледі.

10. 7-бағанда есепті күнгі жағдай бойынша баланста ескерілетін, уақтылы өтемегені үшін есептелген тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) қалдығының сомасы көрсетіледі. Көрсеткіш бойынша 7-бағанда теріс мәнді көрсетуге болмайды.

11. 8-бағанда нақты құрылған провизиялардың сомасы – жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредит бойынша активтің амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша активтер бойынша және басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша күтілетін және бар кредиттік залал бойынша бағалау резервінің сомасы, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелер бойынша күтілетін кредиттік залалға қатысты бағалау міндеттемесі көрсетіледі.

12. 9-бағанда есепті күнгі жағдай бойынша оны өткізу (сату) мүмкіндігін ескере отырып, нарықтық (әділ) құнынан айқындалатын есепті күнге кепілмен қамтамасыз ету құны көрсетіледі.

13. 900-жолда жеке және заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер бойынша стандартты, күмәнді және үмітсіз активтер бойынша қорытынды жасалады.

14. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
3-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
UVO_MFO_1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін (қоса алғанда), тоқсан сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

(мың теңгемен)

Р/с №	Сыныптауға сәйкес берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелер тобы	Берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелердің барлық сомасы	Провизиялардың мөлшері (пайызбен)	Нақты құрылған провизиялардың барлық сомасы
1	2	3	4	5
1	Стандартты		0	
2	Күмәнді			
3	1-санатты күмәнді		0,01-5	
4	2-санатты күмәнді		5,01-10	
5	3-санатты күмәнді		10,01-20	
6	4-санатты күмәнді		20,01-25	
7	5-санатты күмәнді		25,01-50	
8	Үмітсіз		50,01-100	
9	Жиыны			

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "_____" _____

Ескертпе: нысан "Берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Берілген микрокредиттер
бойынша шартты
міндеттемелерді сыныптау
туралы есеп" әкімшілік

"Берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есеп" (индексі – UVO_MFO_1, нысанның кезеңділігі – тоқсан сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Микроқаржы ұйымы Нысанды тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Микроқаржы ұйымының басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған есептілік электрондық форматта сақталады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелерді сыныптау "Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 62 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16858 болып тіркелген) бекітілген Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Сыныптауға сәйкес берілген микрокредиттер бойынша шартты міндеттемелер тобына жатқызу микроқаржы ұйымы алдындағы жиынтық берешекке құрылған провизиялардың деңгейіне байланысты айқындалады.

7. 9-жолда берілген микрокредиттер бойынша стандартты, күмәнді және үмітсіз шартты міндеттемелер бойынша қорытынды жасалады.

8. Мәліметтер болмаған жағдайда Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
4-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру
нәтижелері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
DVD_MFO_1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын
тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну
мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін (қоса алғанда),
тоқсан сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Көрсеткіш коды	Қызметтің қосымша түрінің атауы	Есепті кезеңнің соңындағы шарттардың саны, бірлігі	оның ішінде, есепті кезеңде жасалған шарттардың саны, бірлігі	Есепті кезеңнің соңындағы контрагент саны, бірлігі	Есепті кезеңнің соңындағы клиенттер саны, бірлігі	Қызметтің қосымша түрінен (түрлерінен) алынған таза кіріс (зиян), мың теңге
1	2	3	4	5	6	7
1	өз активтерін бағалы қағаздарға және өзге қаржы құралдарына инвестицияла у					

2	микрокредиттер беру қызметіне байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету					
3	өз мүлкін мүлктік жалға (жалдауға) беру					
4	меншікті мүлкін өткізу					
5	лизингтік қызметті жүзеге асыру					
6	ақпарат тасымалдағыштарының кез келген түрінде микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша арнайы әдебиетті өткізу					
7	төлем агентінің және қосалқы төлем агентінің функцияларының жүзеге асыру					
8	Қазақстан Республикасы резидент-сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру агенті ретінде					

	сақтандыру шарттарын жасасу					
9	Қазақстан Республикасы н ы ң заңнамасына сәйкес электрондық ақша жүйесі агентінің функциялары н жүзеге асыру					
10	факторингтік операциялар: тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) с а т ы п алушыдан т ө л е м жасамау тәуекелін қабылдай отырып, төлемді талап е т у құқықтарын сатып алу					
11	форфейтингті к операциялар (форфейтирле у) : тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) с а т ы п алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналымсыз вексель сатып алу жолымен төлеу					
	кепілдіктерді, кепілдемелер ді және ақшалай					

12	нысанда орындауды кездейтін өзге міндеттемеле рді беру					
13	Қосымша қызмет түрлері бойынша барлығы					

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны Басшы немесе
есепке қол қою функциясы жүктелген адам _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері
туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын
толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Қызметтің қосымша түрлерін
жүзеге асыру нәтижелері
туралы есеп" әкімшілік
деректерді өтеусіз негізде
жинауға арналған нысанына
қосымша

**"Қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері туралы есеп" (индексі –
DVD_MFO_1, нысанның кезеңділігі – тоқсан сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыру нәтижелері
туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Микроқаржы ұйымы Нысанды тоқсан сайын толтырады. Нысандағы
деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге)
дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (бір
мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Микроқаржы ұйымының басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған есептілік электрондық форматта сақталады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 2-бағанда "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 3-бабының 1-2-тармағында көзделген қызметтің қосымша түрлерінің атаулары көрсетіледі.

6. 3-баған есепті кезеңнің соңында қолданыстағы шарттардың саны (бірлікпен) бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған.

7. 4-баған есепті кезеңде жасалған шарттардың саны (бірлікпен) бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған.

8. 5-баған есепті кезеңнің соңында жұмыс істеп тұрған контрагент саны бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған.

9. 6-баған есепті кезеңнің соңында жұмыс істеп тұрған клиенттер саны бойынша мәліметтерді көрсетуге арналған.

10. 7-баған есепті кезеңде қызметтің қосымша түрінен (түрлерінен) алынған таза кіріс (зиян) туралы мәліметтерді көрсетуге арналған.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
5-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
FRD_MFO_1

Кезеңділігі: ай сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) (қоса алғанда) дейін, ай сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде
(мың теңгемен, бірлігі)

Көрсеткіш коды	Көрсеткіш атауы	Осу қорытындысымен есепті жылдың басынан бері берілген микрокредиттердің көлемі, мың теңге
1	2	3
1	Электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (бұдан әрі – онлайн микрокредиттер), оның ішінде:	
1.1	жеке тұлғаларға (дара кәсіпкерлерді қоспағанда), оның ішінде:	
1.1.1	кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты мақсатқа, оның ішінде:	
1.1.1.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	x
1.1.2	кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес мақсатқа, оның ішінде:	
1.1.2.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	x
1.2	дара кәсіпкерлерге	
1.2.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	x
1.3	заңды тұлғаларға	
1.3.1	90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар	x
2	Алаяқтық фактілері анықталған онлайн микрокредиттер, оның ішінде:	
2.1	дербес микроқаржы ұйымы	
2.2	жеке тұлғалардың жолданымдары бойынша	
2.3	құқық қорғау органдарының ақпараты бойынша	

2.4	сот шешімі бойынша	
2.5	өзге тәсілмен	
3	Алаяқтық фактілері анықталған онлайн микрокредиттер, олар бойынша:	
3.1	іс-шаралар жүргізілді, оның ішінде:	
3.1.1	сыйақы есептеу тоқтата тұрылды	
3.1.2	талап-арыз жұмысы тоқтата тұрылды	
3.1.3	сыйақы есептеу тоқтата тұрылды және талап-арыз жұмысы тоқтата тұрылды	
3.1.4	кредиттік тарихқа түзету жүргізілді	
3.1.5	клиенттің берешегі толық немесе ішінара көлемде есептен шығарылды	
3.1.6	кредиттік тарихқа түзету жүргізілді және клиенттің берешегі толық немесе ішінара көлемде есептен шығарылды	
3.1.7	өзге іс-шаралар жүргізілді	
3.2	іс-шаралар жүргізілмеді	
3.3	ұйғарымның күшін жойылуына не құқық қорғау органдарының қаулысына байланысты өндіріп алу қалпына келтірілді	

кестенің жалғасы:

[illegible]

X

X

X

X

Атауы _____
Мекенжайы _____
Телефоны _____
Электрондық пошта мекенжайы _____
Орындаушы _____
тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны
Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Электрондық тәсілмен берілген
микрокредиттер (онлайн
микрокредиттер) және олар
бойынша анықталған алаяқтық
фактілері туралы есеп"
әкімшілік деректерді өтеусіз
негізде жинауға арналған
нысанына қосымша

"Электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есеп" (индексі – FRD_MFO_1, нысанның кезеңділігі – ай сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (онлайн микрокредиттер) және олар бойынша анықталған алаяқтық фактілері туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Микроқаржы ұйымы Нысанды ай сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Электрондық тәсілмен берілген микрокредиттер (бұдан әрі – онлайн микрокредиттер) бойынша мәліметтер Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19714 болып тіркелген "Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 217 қаулысымен бекітілген Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларына (бұдан әрі – № 217 қағидалар) сәйкес көрсетіледі.

5. Микроқаржы ұйымының басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған есептілік электрондық форматта сақталады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Есептің 1-бөлімінде (1, 1.1, 1.1.1, 1.1.1.1, 1.1.2, 1.1.2.1, 1.2, 1.2.1, 1.3, 1.3.1-жолдар) № 217 қағидаларға сәйкес электрондық тәсілмен берілген, оның ішінде алаяқтық фактілері анықталған барлық микрокредиттер туралы деректер көрсетіледі.

7. "Есепті күнгі берешек қалдығы (негізгі борыш)" деген 5-бағанда есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша онлайн микрокредиттердің негізгі борышы бойынша берешек қалдығы көрсетіледі.

8. Есептің 2-бөлімінде (2, 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5-жолдар) және 3-бөлімінде (3, 3.1, 3.1.1, 3.1.2, 3.1.3, 3.1.4, 3.1.5, 3.1.6, 3.2, 3.3-жолдар) алаяқтық фактілерін анықтау тәсілдері және қабылданған шаралар бойынша алаяқтық фактілері анықталған микрокредиттер бойынша мәліметтер қамтылады, осыған байланысты 2-жол 3-жолға тең болуға тиіс.

9. Әрбір есепті күні анықталған алаяқтық фактілері шеңберінде жүргізілген іс-шаралардың мәртебесін есепті күні нақты қолда бар ақпаратқа немесе жүргізілген іс-шараларға қарай жаңарту қажет.

10. 1-жолда 1.1, 1.2 және 1.3-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

11. 1.1-жолда 1.1.1 және 1.1.2-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

12. 2-жолда 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.5-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

13. 3-жолда 3.1, 3.2 және 3.3-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

14. 3.1-жолда 3.1.1, 3.1.2, 3.1.3, 3.1.4, 3.1.5, 3.1.6 және 3.1.7-жолдардың қосындысы көрсетіледі.

15. 3.1.1, 3.1.2, 3.1.3-жолдарда 3.1.4, 3.1.5, 3.1.6-жолдарда көрсетілген іс-шаралар жүргізілген микрокредиттер бойынша мәліметтерді көрсету талап етілмейді.

16. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына
Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: заңды тұлғалардың капиталына
инвестициялардың құрылымы туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
IKUL_MFO_KT_L_1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын
тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну
мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін (қоса алғанда),
тоқсан сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде

Көрсеткіш коды	Көрсеткіштің атауы	Заңды тұлғаның БСН	Заңды тұлғаның атауы	Баланстық құны (мың теңге)
1	2	3	4	5
10	Жай акциялар, барлығы			
11				
...				
20	Артықшылықты акциялар, барлығы			
21				
...				
30	Салымдар мен пайлар, барлығы			
31				
...				
40	Облигациялар, барлығы			
41				
...				

50	Заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың барлығы			
----	---	--	--	--

кестенің жалғасы:

Саны (дана)	Заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі (%-бен)	Сатып алынған күні	Ескертпе
6	7	8	9

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефоны

Басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы

Күні 20__ жылғы "____" _____

Ескертпе: нысан "Заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанына қосымша

"Заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есеп" (индексі – IKUL_MFO_KT_L_1, нысанның кезеңділігі – тоқсан сайын) әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірмеде "Заңды тұлғалардың капиталына инвестициялардың құрылымы туралы есеп" әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптар айқындалады.

2. Микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік және ломбард Нысанды тоқсан сайын толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен толтырылады. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1000 (мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

3. Нысанға басшы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы қол қояды.

4. Микроқаржы ұйымының басшысы немесе есепке қол қою функциясы жүктелген адам және орындаушы электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойған есептілік электрондық форматта сақталады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанның барлық деректері капиталына микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік немесе ломбард қатысатын заңды тұлғалардың жай және артықшылықты акциялары, салымдары мен пайлары, сондай-ақ облигациялары бөлігінде ұсынылады.

6. 40-жолда Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастыру және (немесе) "Астана" халықаралық қаржы орталығы аумағында жұмыс істейтін қор биржасындағы сауда-саттыққа жіберу мақсатында шығарылған заңды тұлғалардың облигациялары көрсетіледі.

7. 5-бағанда қаржы активі олар бойынша қалыптастырылған резервтер (провизиялар) шегерілгеннен кейін баланста танылатын баланстық құн сомасы көрсетіледі.

8. 6-бағанда капиталына микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік немесе ломбард қатысатын заңды тұлғалардың жай акцияларының, артықшылықты акцияларының және облигацияларының саны (данасы) көрсетіледі.

9. 7-бағанда заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің мәні үтірден кейін екі таңбамен пайызбен көрсетіледі.

10. 8-бағанда бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде эмиссиялық бағалы қағаздармен мәміленің тіркелген күні көрсетіледі. Өзге мәмілелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес меншік құқығы туындаған күн (сәт) көрсетіледі.

11. Мәліметтер болмаған жағдайда, Нысан нөлдік мәндермен ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 222 қаулысына
7-қосымша
Әкімшілік деректерді
жинауға арналған
нысан

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.07.2025 № 39 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан
www.nationalbank.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: тартылған ақшаның негізгі көздері туралы есеп

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі:
OI_MFO_KT_L_1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Есепті кезеңі: 20__ жылғы " __ " _____ жағдай бойынша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын
тұлғалар тобы: микроқаржы ұйымы, кредиттік серіктестік, ломбард

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну
мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін (қоса алғанда),
тоқсан сайын

Бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жинау әдісі: электрондық түрде
(мың теңгемен)

р/с №	Заңды тұлғаның атауы немесе кредитор жеке тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)	Кредитордың сәйкестендіру нөмірі	Кредитордың тіркелген елі
1	2	3	4
1			
...			
10			
11	Жиынтығы		

кестенің жалғасы:

Алынған қарыздар							
ұзақ мерзімді				қысқа мерзімді			
барлығы	оның ішінде шетел валютасыме н	валюта коды	орташа өлшенген мөлшерлем е (номиналды) , пайызбен	барлығы	оның ішінде шетел валютасыме н	валюта коды	орташа өлшенген мөлшерлем е (номиналды) , пайызбен
5	6	7	8	9	10	11	12

кестенің жалғасы:

Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар				Реттелген борыш			
барлығы	оның ішінде шетел валютасыме н	валюта коды	орташа өлшенген мөлшерлем е (номиналды) , пайызбен	барлығы	оның ішінде шетел валютасыме н	валюта коды	орташа өлшенген мөлшерлем е (номиналды) , пайызбен
13	14	15	16	17	18	19	20

кестенің жалғасы:

Кредиторлық берешек							
ұзақ мерзімді				қысқа мерзімді			
барлығы	оның ішінде шетел валютасымен	валюта коды	орташа өлшенген мөлшерлемесі (номиналды), пайызбен	барлығы	оның ішінде шетел валютасымен	валюта коды	орташа өлшенген мөлшерлемесі (номиналды), пайызбен
21	22	23	24	25	26	27	28

кестенің жалғасы:

Басқа да көздер					Барлығы
